

Жақсының жүзі жарқын

Ұстахананың есігі әрқашан ашық тұрады. Біздер, балалар, көрік басатынбыз. Қара көріктің тұтқасын ұстауға суранатын өзіміз. Ауыр деміккен көріктің лебі өткір келеді. Отты үрлегені бізге таңсық. Бәрінен де ұстаның жіті қимылына таңырқаймыз. Қып-қызыл боп балқыған темірді төске салып жаныштағанда, табан астымыз дүрс-дүрс етіп, ұстаның балғасы жойқын уытпен сермелер еді. Мәселе балғада емес, балға ұстаған адамда бар ғәп. Көзінің шелі қызыл жалқынданған ұстаның қабағы қыраулы қыстай түйіліп алғанда, қаһарына ұшырап қалудан жасқанған біздер жел өтінде бүрсендеген көпей тоқтыша ықтай жөнелетінбіз. Ықтамасқа шарамыз қалмаған-ды. Ұстахананың қожайыны қырланған қыстай демінен үскірік бүркеді. Алау-далау боп бықсып түтіндеген шағын тұрақты аяз кеулеп кеткендей ме?!

Бала көңілі пәк, бізге солай керінетін. Сөйтсек, зергер көкеміз пышақ соғып жатыр екен ғой. Онда да нағыз қандауыры - кәдімгі кездік. Үлкендерден сан естідік. «Кездік соққан ұстадай қырланғаның не сонша?!» - деп бір-біріне басына білдіріп жататын.

Үрпийіскен балаларды шатынаған шелді көзімен жасқаған ұста: «Сендерді мен шақырған жоқпын. Қыбыр етуші болмаңдар!» - деп қозыдай қайырып тастар еді. Ондағысы - бізді іш тартқаны, кездіктің қанығып суарылғанын көрсін дегені екен.

Бүгінгі ақсақал жасындағы біздер қапысыз шыңдалған кездіктей шымырланып өскен едік. Соғыстан кейінгі ауыртпалықты үлкендермен бөліскендердің қатарында осы жазбамыздың кейіпкері - Алтай Сметте болған еді. Болып қана қоймай, қаршадайынан ауырға иық тосып, қиындықты жігер-қайратымен жеңе білген-ді. Өзінің айтуынша, әкесі балуан екен. Алтайдың да бір кісілік әлі болған. Сол құдай берген күш-қуатты адал еңбекке жұмылдырған азаматтың жүріп өткен жолдары кедергі-бөгетсіз болмаған. Бұл - өмір заңы.

Біз соғысты көрген жоқпыз. Соғыстан кейінгі талқан тапшылығының ашқұрсақтарымыз. Бүгінгі жастар осыны ертегі деп біледі. Алтай дос айтады: «Қараша үйіміз егіс басында. Әкем өгіз соқамен жер жыртады.

Шешем өгіздің басын жетектейді. Жалғыз сиыр арқандаулы. Тамағымыз - сүтке салынған бір уыс қуырылған бидай. Айғыржал аулындағы төртінші сыныпты түгесіп оқи бастадым. Қайрақты орта мектебіне оқуға келдім. Әкемнің інісінің үйінде жатып оқимын. Нан дүкенінің кезегінде тұрып әкелетінім қара нан. Кәдімгі көкейіз ржаной тіске



шарбаққа қамап тастап, сәскеге дейін ұйқы соқты. Отарды «биштерге» бақтырды. Ауылдың кең етек бәйбішелері бие сауып, қымыз ашытуды, сиырдан май алып, құрт жаюға ерінді. Енесіне еліктеген келіндер де мал емшегін ұстауды сөкет санады. Келіннің қойнындағы шаңырақ иесі әке-шешеге масылдықты шебер өрістетті. Социализмнің кең құрсағында тыраңдаған ауыл қазағының «еркелігі» шаруашылық басқарғандарға оңай соққан жоқ. Қымс етсе «партиядан алып, ісінді сотқа тапсырамыз» деп қорқытты жоғары жақтағылар.

«Бәрінен де бұрын халыққа қызмет істеуді айтсаңшы,- дейді Алтекең.- Коммунизмге жетуден өз басым үмітсіз емес-тінмін. Сонда ойласамшы, өңшең әйеншек, жатып ішер жалқаулармен коммунизмнің зәулім сарайы қалай ғана тұрғызылмақшы?! Жиырма үш жыл шаруашылық басқарып, қоғам дәулетін шашау шығармай қызғыштай қорығанымды қайтейін, жекешелендіру науқанында ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете барған жоқ па ел дәулеті. Биліктегілердің ниеті дұрыс-тын. Ауыл қазағының өзінде қыр болмаған соң, не шара?! Жалқаулық жетесіне сіңіп кеткендер кешегі кеңшар байлығын рәсуа қылды. Одан

дер топтамасы тіл шұрайымен, сонылығымен назар аудартады. Өлеңнен өлеңге ауысқан таптаурын тіркестер жоққа тән. Тақырыбын да таба білген. Кешегі кеңестік кезеңде ауылды өгіздей өрге сүйреген дидакшымыз түкпірдегі болып жатқан келеңсіздікті кездіктей өткір өлеңмен аямай тілгілесін-ай! Енді қайтсін?! Нарық қыспағындағы ауылға тонаушы ұрылар лап қойған. Тәртіп сақшылары соларды қорғаштады, әмпейлес ұры-қарымен. Соған жаны күйінгенде: «Мекенің қайран жылқы қора болды, ұрыға жылқы қуу жора болды. Полиция қорғамайды, қоса ұрлайды, көз жасы қазағымның сора болды» - деп ашына ақтарылады.

Осы күні екіншісі бірі кітап шығарады. Сын сүзгісінен өтпеген, шаң-тозаңынан арылмаған шимай-шатпақтан оқырман талғамы бұзылып біткен. «Кітап оқылмайды» деген бір жақты пікір негізсіз. Оқылатын кітіп жазылмаған соң, қалың қауымды жаппай жазғыру орынсыз. Жақында Алтай достың жыр жинағын қайталап оқып шықтым.

Өлеңдерін «жайдақ жырға» балаған ниетімнен қайтып қалдым. «Же» деген ақындардың қаламына ілікпеген «олжаға» кезігіп бір жасап қалдым. Өйткені бүгінде

Дидгақышы

сағызша жабысып өңешіңнен зорға өтеді. Қол диірменнен шыққан ұннан пісірілген нанды анда-санда жейміз».

Өке қазасы есті азаматты ерте есейтсе керек. Қабырғасы қатып, бұғанасы беки қоймаған ол жан асырау қамына кіріскен. Айтып отырса, қол тигізбеген жұмыс қалмаған. Алғыр жас техникаға ынта қойыпты. Комбайнмен егін орған, трактормен жер жыртқан. Өз қатарының алды боп автомашинаның да рулін ұстаған. Содан ақындық желік бітпей ме бозбалаға. Қыз көрсе өлең шығаратын әдетке басыпты. Өлеңші болмаса амалы жоқ. Айғыржалда тұрып жатып та жалпақ жұртқа танылған халық ақыны Маясар Жапақов «мендей ақын бол» деп аузына түкірсе керек. Өлеңмен әуейленген бозбала шақтағы жырларын сақтауды құнттамапты.

Алтай досты отыз жылдан астам білемін. Алғашқы таныстығымыз ресми жағдайда басталған. Аудандық газеттің су жаңа тілшісі боп күлініп жүрген кезім. Аудан орталығына жақын Ақадыр кеңшарына газет қызметкерлері ат ізін жиі салады екен. Кеңшар мамандары шетінен кең қолтық мырза қолдау. Және өздері қазақы сыйластыққа жеткізбейді. Солардың бірі - Алтай Смет болатын. Бір кеңшарда тапжылмай жиырма үш жыл бөлімше басқарған ауыл шаруашылығының «кіші командирі» атанған оның бір қыры әдебиетке жақындығы еді. Ұлттық салт-дәстүрді бұлжытпайтын кең қолтық азаматтың іштілігі мені иіріміне тартып, онымен тез үйлестірді. Бәйбішесі Тиыштықтың қабағы ашық, дайындаған тағамы дәмді келеді. Содан да бұл шаңыраққа ат басын жиі бұратын едік. Көктемнің аласапыранында бөлімше орталығына бара қалатын біздер шешесі Дабыстың қолынан «наурыз көже» ішкеніміз де бар. «Бөлен деменіздер, енейдің әдеті, көжемен атап өтемін наурыз

рәсімін» деп келіні жуып-шайған еді. Алтекең өлең оқиды. Уытты кекесінге құрылған қағытпалары ішті келеді. Өлеңді өндіре жазсаңшы деген қолқамызға: «Е, мен деген, ауылдың бейнетқор торысы емеспін бе? Бұрылуға мұрша қайда?!» - дер еді.

Ұстағанына тұтқыр, өз міндетіне адал, жұмысты беріле атқаратын шаруақор адам - дидакшы делінеді халық ұғымында. Осы бағаға лайықтының бірі Алтекең десем қателесе қоймаспын. Дидакшылық - кең ұғым. Оған бүгінгі өтпелі кезеңде мән беруден қалғанбыз. Ұжымдық шаруашылық ыдырап, жекешелеу науқаны өрістегенде, дидакшы азаматымыздың «айқайлап» шыға келмесі бар ма! Өзі басқаратын бөлімшені таратпаймын деп қиғылық салғанына куәгердің бірімін. Жүрегі ауылым деп соққан «дидакшымыздың» жан айқайы орынды-тын. Ауыл шаруашылығын жекешелендірудегі үстірттікке жол бергенімізді бүгінде әркім-ақ мойындайды. Жол берілмеген күнде де іліп әкететін оңтайлы азаматтар жоққа тән. Кеңестер Одағының омақасуына шаруашылық құрылымының әлсіздігі де себепкер. Қазақ даласын бейбіт жолмен «басып алуды» шебер ойластырған коммунистік партияның шонжарлары тың көтеру науқанына орай алпысыншы жылдары колхоздарды (ұжымдық шаруашылық) жаппай таратып, совхоздар құра бастады. Бұны - шаруашылықты ірілендіру деп атады. Алтайдың бірлесе еңбек етудің социалистік ығытына қайшы келді. Жалақымен (айлық алу) жұмыс істеу жалқаулар мен масылдарды көбейтті. Неғұрлым аз жұмыс істеп, көп айлық алуды көздегендер «еңбегін бұлдап», шалқалайтынды шығарды. Ауырлық, кеңшар директорлары мен бөлімше басқарушыларына түсті. Түнімен арақ ішкен аға шопан қойды

саудагерлер лап қойды. Бір қап ұн екі қойға айырбасталды. Үш жарты арақ бір қойдың құны боп шықты. Ұрылар шықты белсеніп. Үйір-үйір жылқы қарақшылардың құрдымына жұтылды. Сыбайласқан жемқорлар халық дәулетін сүйекқұртша кеміріп жатты».

Ғұмырының денін дидакшылықпен өткізген Алтекеңді шер қысқанда ескі серігі өлеңге жүгінді. Сөйтсе, жыр құсы қанаты кетілмеген қалпында жан сарайында бұғынып жата беріпті-ау! Ал кеп ағылсын-ай еспе жыр! Абай өлеңді қырық жасында бастаса, біздің көкеміз елуден асқанда ер салған жыр пырағына. «Қартайғанда көрі боз жорға шығарардың» керіне баққан егде ақын естілігіне бағып, «сөз патшасы» поэзиядан кешірім сұрағандай боп: «Поэзия, кешір сізге кеш келдім, еңбек еттім. Жан сезімін ескергін. Аз ғұмырда адалдықты ту етіп, өлеңіммен өресізге сес бердім», - деп арылды.

Сөйтіп, тарлан боз Алтай «өлеңмен өресіз ел майдан ашады. Бір кездегі шаруагер өлеңөлкесіне шалғы сала бастағанда, расы керек, оны олқысынғанның бірі мен едім. Бұным - жанашырлық белгісі-тін». Көре алмағандардың «кекесініне» мұқайтын өлі сүйегің ол емес. Суы қайтпас кездіктей лыпып уытты жырды қойны-қонышынан қапатып шығара бастағанда, егде жыршыға досы тебіреніп, дұшпаны сырт айналғанын көзбен көрдік. Есіміне ақын анықтаушысы тіркелгеніне көп бола қойған жоқ. Алпыстан асқан арда күрең қиналмастан жүрісін түзеп алған-ды. Оқырманға іле «Шыңырауда шыңғырған шындық» атты жыр жинағын ұсынды. Кітаптың аты тауып қойылған. Басынан-ақ өтірікке жоқ шыншыл ақын қазақтың құтты ұясы ауылды жырлады. Жай ғана жырлап қана қоймай, уытты жыр семсерін оңды-солды сілтеді. Ұйқас-ырғағы келісімді өлең-

шынайы суреткерді қаптаған дарынсыздар басып кеткені анық.

Ауылдас ақынды шаппай талант деуден аулақпын. Кім-кімге де қойылатын шарт-айтарың болмаса, қолыңа қалам алма, әдебиетті шимай-шатпаққа толтырып, былғанышқа ұрындырма. Оның ішінде, поэзияға байқап-байқап ұрын. Сөздің де киесі болады. «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» дегеннің керіне ұшырама.

Алтай ақын естілігіне бағып, табиғатына сыйымды ойларын қалам ұшына іледі. Ыдысында барды ұсынады оқырманға. Түкпірде жүріп те жалпақ жұртқа тілекші кексе жыршы шындықты өлеңмен ернектейді. «Құжынаған құмырсқа, ұжымдасар жұмыста. Жаздай тасып азығын, қорек жиған бір қысқа. Топтасып жікке бөлінбей, еңбек етер ерінбей. Бірлік бар жерде тірлік бар, біз жүрміз оны сезінбей», - дегені жүрекке жұмсақ тиеді.

Заман орнында. Елбасының халқын тура жолға бастаған көрегендігінде қапы жоқ. Әйтсе де «күріш арқасында күрмек су ішердің» керіне басқан сыбайласқан жемқорды, аран ауыз қомағайды қайтіп тыярсың?! Ауылдағы момын қазақтың жылқысын қуып кететін қараниет ұрылар неге ұсталмайды?

Өз міндетіне жауапсыз қарайтын тәртіп сақшылары немкетті әдетін қашанға дейін жалғастыра бермекші?!

Немқұрайдылық - жаман әдет. Өзгелер не болса ол болсын, өзім аман болайын дейтін тоғышарлық - ұрпақ тәрбиесіне көлеңке түсіретін келеңсіздік. Біреуден біреу сырт айналып безе қашу әдетке айналып барады. Өзара сынның аузына құм құйылған. Той-томалақ, жиын-жиналыста, басқосуларда «жаппай мақтау» дәстүрге айналған. Шындықты көзге айтатындар

көрінеу көтүрткіге ұшырайды. Керісінше жарамсақ, жағымпаздардың құдайы жарылқайды. Осыдан барып әділетсіздік өршиді. Онсыз да бөжекейге айналған шындық шетке ығысады. «Шындық деген мұңлық бар, шыңырауға салған шықпаған, зомбылық пен зорлық бар, ар-ұятты ұқпаған, суайт деген сұлу бар, су шашсаң тамшы жұқпаған. Мақтаншақ деген маңғаз бар, өз сөзін өзі құптаған. Әділдік деген әлсіз бар, белдессе жеңіп шықпаған» деген жолдар - екінің бірінің қаламына іліге бермейтін ойлы тіркестер. Өлеңге кеш келсе де, олжасыз емес егде ақын.

Үлкендік - тәңір сыйы. Оның да жөн-жоралғысы болады. Алтай ақсақал «құдай салды, мен көндімнің» адамы емес. Үй күшік шалдардың санатына жатпайды. Қайда да көпшіліктің ортасында жүреді. Мектептегі кездесулерге барады. Өлең оқиды. Кәрі адам кеңілшектеу келмей ме, анаған да, мынаған да өлең арнап одашылдыққа салынатын әдеті жөне бар. Шариғатқа да жетік. Бір сарынды жаттанды батасымен жұртты мезі ететін «төршілдерден» бойын аулақ салады. Надандықтан өзін қалыс ұстайды. Тәубесін жыр жолымен нықтайды. «Жалбарын, құлшылық қыл тәңіріңе, ораза, намаз, пітір мәзіріне. Жерден шықтың, барар жақ жер бесігі, алып кетер нәрсе жоқ қабіріңе»- деген де біле-білгенге ой саларлық тоқтам. Базарлық экономиканың молшылыққа жол ашқанын құптасақта, көз жауын алған дүние-мүлікке, үй жиһаздары мен сандаған көлік түрлеріне арбалғандар дүниеқоңыздық дертіне шалдығып, рухани құлдырауға ұшыраса не болғаны?! Өмірдегі келеңсіздікке көз жұма қарауға әсте болмайды. Өсер жас өнегесіз боп ер жетсе, келешекте нендей мағына қалмақшы?! Арақ пен шылым былай қалып, ауыл жастары анашамен әуестене бастады. Ұрлықтың тыйылар түрі жоқ. Қазақ қазаққа суық бауыр. Бала әкені тындамайды. Дуалы ауыз қарттардан сый кеткен. Неге бұлай? Заманнан ба, адамнан ба? Бар гәп пиғыл мен ниетте. Ұлттық құндылықтардан көз жаза бастағанымыздың салдары. Соған ақын жаны ауырады. Күншілдік пен көре алмастыққа және көнігіленіп алған бүгінгінің қазақтары. «Е, оны қойшыдан?!» келеді сөзінің бісмілләсі. Түңіліске салынған егде ақынның көкірегіне шер лықсиды. «Үмітім - гүл көктемнің бүршігі еді, ниетім нілдей таза кірсіз еді, қоғамда болып жатқан келеңсіздік, көз көріп, жүрек содан түршігеді» -деп сұмдықтай шамырқанады.

Өйтсе де ақын жаңы шуақ іздейді өмір күнгейінен. Тәуелсіздік елінің ертеңіне үмітпен қарайды.

Тәуелсіздік кең ұғым ұлықтайық,

Сан ғасырғы сағыныш, ұмытпайық.

Жаңа жайлы жылылық лебі еседі,

Болашаққа от беріп суытпайық,- деп ағынан жарылады.

Сөз басын ұста дүкенінен бастаған едік. Темірді ұста шындаса, адамды заман қалыптастырады. Бір сүйсінерлігі - Алтай Смет көдімгі қазақтық қасиеттен алшақтамай,

ұлттық болмысынан ажырамаған қалпында,
жаңа Заманға арманын оздырған мінезді
азамат. Мінез - адамның қасиеті. Мінезден
айырылған адам робот есепті.

Адаммын адал еңбек терін төккен,
Ауылым алшақ қонған еріншектен.
Шыңғырдым шындық іздеп бұл өмірден,
Шығады сондықтан да даусым өктем,-
деген ақ ниетке еріксіз көңіл қоясың.

Дидақшылық - екінің біріне қонбайды.
Ондай адам мазасыз келеді. Азаматтық
тұлғасын өлеңімен шыңдап, шаруагер-
лігімен бекемдеген Алтекең ауыл-аймағына
сыйлы. Ақтылы қой өргізген шаруасы мығым
алдыңғы қатардағы фермер. Бәйбішесі
Тиыштық екеуі жеті бала өсірген, ұлы ұяда,
қызы қиядағы бақытты жандар.

Елім деп еміреніп, ауылым деп ұйқысы
ашылған Алтай ақынға барша ауылдастары
атынан: «Жетпісінде де жел күреңдей
желісіңнен жаңылмай, жыр бората бер. Мың
қара бас қойды айда, құйрық-майды шайна»
демекпіз. Лайым, ақ тілегіміз қабыл болғай-
ақ!

**Өмір КӨРІПҰЛЫ,
жазушы.**

Ақадыр кенті,
ШЕТ ауданы.